

**БИОАЛУАНТҮРЛІЛІКТІ САҚТАУДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ АУДАНДЫҚ
БАҒДАРЛАМАЛАРДЫҢ ОРЫНДАЛУЫН ОҚУ ПРОЦЕСІНДЕ ҚОЛДАНУ**

*THE NATIONAL AND REGIONAL PROGRAM IS DIRECTED TO
THE PRESERVATION OF THE BIOVARIETY*

Оразымбетова Б.Б., Ахметчина Т.А.

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты

Соңғы он жылдықта табиғатта жүздеген жануарлар және өсімдіктер дүниесі құрып кетті, әліде жоғалуда, табиғи кешендер бұзылуда. Бұл тенденция үлкен үрей туғызуда. Табиғат қазіргі және болашақ ұрпақтың ортақ игілігі.

Табиғи ресурстар болашақ ұрпақтан және олардың өкілдерінің жеке меншігі бола алмайды. Кез келген тіршілік иесінің өлімі, адамзат өлімімен тең бағаланады. Алуантүрлі түрлерінің азайуы экожүйенің тұрақсыздануына әкеліп және флора мен фаунаның кедейленуі адамзатқа үлкен әсерін тигізеді (А.В. Чигаркин, 1980).

Қазіргі таңда Қазақстанның негізгі мәселесі қоршаған ортаны қорғау, өсімдіктер дүниесін тиімді пайдалану, орман байлықтарын сақтау, олардың экологиялық жағдайын дамуы болашақ ұрпаққа жеткізу. Бүгінгі күні адамзатты табиғи ресурстармен мүмкіндігінше ұзақ уақытқа дейін және салауатты экологиялық ортаның сақталуын қамтамасыз ету керек. Адамның табиғатпен байланыс жасауы оның денсаулығын нығайтады, шығармашылық ізденістің негізі бола алады, сондықтан қоршаған ортаны қорғау мәселенің мәдени-эстетикалық аспектілері негізінде маңызда болады (В.П. Инютина., С.П. Инютин, 2007).

Біздің елде қоршаған ортаны қорғау жөніндегі бағдарлама болашаққа ұзақ есептелген. Оның мақсаты табиғаттың табиғи өзгеруі, халық шаруашылығының жоспарымен және табиғи ресурстарды кең түрде қолдану. Бұл бағдарламаны жүзеге асыруда табиғатпен жаратылған ғылыми және эстетикалық құндылықтарды сақтау міндеті орын алады. Адамзат өзі үшін болашақ ұрпаққа осынау тамаша ландшафты, табиғи ескерткіштерді, бедеріне қол тимеген, топырағымен, өсімдіктер және жануарлар әлемін қорғауға тиіс.

Қазіргі уақытта адам қолы тимеген жер қалмады, адамның шаруашылық әрекеттері барлық жерден байқалады. Антропогендік қызметтің өсуі табиғатты қоршаған ортаны ластауда және де кері әсерін тигізуде: шаруашылық әрекеттің территорияға кірісуінен биоалуантүрліліктің төмендеуі, жануарлармен өсімдіктердің жоюлуы трофикалық өзара байланысты және биохимиялық циклді бұзады. Табиғи ортаның антропогенизациялық үрдістермен, жағымсыз тенденциялардың күшейуі төмендегідей жағдайларға әкеліп соқтырды: территорияның шөлейттенуі, топырақтың және өсімдіктердің деградациясы, флорамен фаунаның сиреуі.

Биоалуантүрлікті сақтауда ұлттық және аудандық бағдарламаны орындауын баулытуда көптеген түрлердің биосфера үшін қайтымсыз жоғалуына әкеліп соқтырады. Сондықтан биоалуантүрлілікті сақтау және оны зерттеу жекелеген мемлекеттердің бірінші кезектегі мәселесі ғана емес сонымен қатар бүкіл әлемдік мәселе болып саналады. Белгілі бір түрді ішкі түрлілігін сақтамай, оның туысын және популяциясын толығымен оның тіршілік мекенін сақтамай түрді сақтау мүмкін емес.

Қостанай облысы Қазақстанның солтүстік бөлігінде орналасқан, оның ауданы 196 000 км². Негізгі табиғи ерекшеліктері материкшілік Орал торабы, Батыс Сібір және Орталық Қазақстан жағдайымен айқындалады. Геоморфологиялық климаттық және топырақ өсімдіктерінің алуантүрлілігі территория ландшафтысының әртүрлі болуына себепші болады. Табиғи ландшафтысының көбісі шаруашылық әрекеттермен өзгерген. Облыста бір мемлекеттік қорық, төрт қорықша, тоғыз табиғи ескерткіштер бар.

Наурызым Мемлекеттік табиғи қорығы – Қостанай облысы Наурызым және Әуликөл аудандарында орналасқан мемлекеттік қорық. Ол Қостайдан 190 км. оңтүстікке қарай Торғай жырасындағы ғажайып жер, оған Терсек, Сыпсың және Наурызым орман алқаптары кіреді. Соңғы шатқалдың айтарлықтай бөлігін ғажайып Наурызым орманы алып жатыр. Қорықтың

өсімдік әлемі 687 жоғары сатылы өсімдіктерден тұрады. Оның ішінде 5 эндемик және 5 реликт өсімдіктер түрлері кездеседі. Наурызым қорығының қарағайлары реликт болып табылады. Қазақстанның Қызыл кітабына өсімдік түрлерінің 5 түрі кіреді, олар: қырғыз қайыңы, дөңгелек жапырақты шықшөп, мугоджар ақжапырағы, Шренк қызғалдағы, қатты жапырақты дұғаш.

Республикалық маңызды Мемлекеттік табиғи қорықшалар.

Қарабалық ауданында орналасқан Михайлов мемлекеттік табиғи қорықшасы 1967 жылы облыстық маңыздағы қорықша ретінде құрылып, 1986 жылы статусы және оның қызмет ету мерзімі өзгерді қорықша мемлекеттік табиғи зоологиялық республикалық маңыздағы қорықша болып өзгертілді. Қамысты ауданында Тоунсор мемлекеттік табиғи қорықшасы 1974 жылы құрылған, 1986 жылы қорықша республикалық маңыздағы қорықша статусын алды. Қорықша өз алдына тұщы су, тұзды көлдермен және батпақтармен ұсынылады.

Жангелді ауданында Сарықопа мемлекеттік табиғи қорықшасы 1986 жылы облыстық маңыздағы қорықша болып құралған. 2001 жылы мемлекеттік зоологиялық республикалық маңыздағы статусын алады. Қорықша Сарықопа өзен жүйесін өзіне қосады.

Қамысты ауданында Жарсор-Уркаш мемлекеттік табиғи қорықшасы 2008 жылы құрылған. Жалпы көлемі 29344,1 га. Қостанай облысының экожүйесінде өсімдіктер мен жануарлардың бағалы түрлерін сақтау үшін құрылған.

Жергілікті маңыздағы Мемлекеттік табиғи ескерткіштер.

1. Қайыңды-көктеректі тікенекті Рассольное көлінің маңында орналасқан. (Ұзынкөл ауданы); тікенекті итмұрын, дөңгелек жапырақты алмұртшөп, шатырша қысшылшөп, дәрілік қырлышөп өсімдіктері кездеседі.

2. Боровской көлі маңындағы қайың және қарағай ормандарының егістері алғашында ауданы 6 га. 2005 жылдан бері 4га. Мендіқара ауданының территориясында орналасқан. Қайың және қарағай орманында сібір шетені, қара қарақат өсімдіктері кездеседі.

3. Қарағай ағаштарының Борки ауылы маңындағы егілімдері. (Ұзынкөл ауданы) Тоғызұзақ өзенінің оң жақ жағалауында. Дөңгелек жапырақты алмұртшөп, шатырша қысшылшөп, кәдімгі қыранот, секпіл шолпанкебіс өсімдіктері кездеседі.

4. Верендік қарағай. Ұзынкөл мемлекеттік ормандарды қорғау және Борков орман шаруашылығы мекемесінде орналасқан. Өсімдіктердің сирек түрлері кездеседі: сібір аю бадамы, ақселеу, тікенекті итмұрын, ерте өлен, дәрілік қырлышөп, жабысқақ қандыағаш (П.Г. Пугачев, 1994).

5. Тасты көл шатқалы Заречный ауылына жақын маңында. (Қостанай ауданы); қара жемісті ырғай, орман құлпынайы, қарақат, кәдімгі мойыл, қырыққұлақ өсімдіктері кездеседі.

6. Құшмұрын көлінің маңында Ольшаники – Үлкен таулы шатқал (Әуликөл ауданы); Әуликөл ауданы, Құшмұрын ауылдық округінде орналасқан. Қарақат, батпақ қайызғақшөбі, кәдімгі түйеқұсшөп, бөріжидек өсімдіктері бар.

7. Қайыңды-көктеректі тікенді Жетікөл ауылының маңында (Әуликөл ауданы); батпақ қалтақөл, сібір доланасы, тікенекті раушан, дәрілік қырлышөп, батпақ жылантамыры өсімдіктері кездеседі.


8. Реликті қайыңды-жапырақты шағын орманы Сукачева бал қарағайымен. (Жітіқара ауданы); айыл жапырақты сүйсін, бояушөп, ешкі тал, кәдімгі шыршашөп, тасбүлдірген өсімдік түрлері бар.

9. Қривули шатқалы. Михайлов ауылы (Қарабалық ауданы). Тікенекті итмұрын, буданды бөзкілем, қара жемісті ырғай, бояу бекіш, еркек усасыр өсімдіктері бар (Т.М. Брагина, 2007.).



Сурет 1. Қостанай облысындағы қорғауға арналған аймақтар мониторингі

Кестеден 1970, 1991, 2007, 2010 жылдардағы қорық, қорықшалар және табиғи ескерткіштердің мониторингін көруге болады. 1970 жылы қорық және қорықшалар саны біреу болған, бұл көрсеткіш 1991 жылы қорық біреу, қорықша үшеу болып өзгерген. 2007 жылы қорық біреу, қорықша үшеу, 2010 жылы қорық саны өзгеріссіз біреу, ал қорықшалар саны төртеуге көбейген. 1970 жылы табиғи ескерткіштер саны тоғыз болған, бұл көрсеткіш 1991 жылы он үшке көбейген, ал 2007, 2010 жылдарда тоғызға.



Сурет 2. Қорық

Кесте бойынша 1931 жылы Наурызым қорығының көлемі 300000 мың га болса, 1966 жылы 85000 мың гектарға дейін азайған, 2007 жылы көлемі 191381 мыңға дейін көбейген, 2010 жылы көрсеткіш өзгеріссіз қалды.

Қорықшалардың көлемі 1991 жылы 163000 мың гектар, 2007 жылы 163000 мың гектар болып өзгеріссіз қалса, 2010 жылы 192300 мың гектарға дейін өсті.




Сурет 3. Қорықшалар

1970 жылы қорықшалар көлемі 57 мың гектар, 1991 жылы бұл көрсеткіш 42,5 дейін азайған, 2005 жылы 31,5 мың гектарға дейін азайған, 2010 жылы өзгеріссіз қалып отыр 31,5 мың гектар (Ж.А. Балтабаева, А.А Карпухина. Костанайская область: страницы истории. – Қостанай: «Костанайполиграфия», 2006.).

Қоршаған ортаны қорғау мәселесі биосфера ресурстарын тиімді пайдалану, бүгінгі таңдағы дүние жүзілік мемлекеттердің аса маңызды міндеттерінің бірі болып отыр.

Экологиялық мәселенің пайда болуы ең алдымен антропогендік факторларға байланысты. Экология мәселесі ғасырлар бойы ғалымдардың зерттеу объектісінен тура болсын жанама болсын түскен емес.



Сурет 4. Табиғи ескерткіштер

Біздің жерімізде тек тіршілік ортасын сақтау арқылы ғана біз биоалуантүрлілікті сақтап жатырмыз деп айтуға болады. Қазіргі күн тәртібіндегі мәселені шешу үшін табиғатқа қамқор болатын, қорғайтын оны жақсы көре алатын, әлемді құтқаруды тырысатын адамды тәрбиелеуіміз керек. Бұл үшін жас кезден экологиялық білім алу керек. Биоалуантүрлілікті сақтаудағы ұлттық және аудандық бағдарламалардың орындалуын оқу Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты, жаратылыстану-математика факультетінің биология және география кафедрасының биология және география мамандықтарында таңдау пәндерінде оқу процесінде статистика кеңінен қолданады.

Биоалуантүрліліктің мәселелерін барлық үш деңгейде шешу қажет: халықаралық, ұлттық, және жергілікті. Бүкіл дүние жүзі қоршаған ортаны қорғайтын мемлекеттік органдар құрылуда, бірақ адам табиғаттың құндылығын түсінбесе ешнәрсе өзгермейді. Барлығымызда бір ауамен тыныс алып, өзен суын ішеміз. Біз өзімізді табиғатпен қаншалықты аялап, қамқоршы ретінде қарасақ, бұл біздің қаншалықты ұзақ өмір сүретінімізді көрсетеді. Табиғатты қорғап оны болашақ ұрпаққа жеткізу үшін әр адам оның маңызын түсінуі керек және оған деген көзқарасын жақсы жағынан өзгертуі қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Чигаркин А.В. Памятники природы Казахстана. – Алматы: «Кайнар», 1980. – 67 б.
2. Инютина В.П., Инютин С.П. Важность сохранения биоразнообразия водно-болотных угодий и глобально значимых миграционных маршрутов редких и угрожаемых видов птиц. – Астана: «Акмолинский ЦНТИ», 2007. – 5 б.
- 3 Пугачев П.Г. Сосновые леса Тургайской впадины. – Қостанай: «Кустанайский печатный двор», 1994. – 282 б.
- 4 Балтабаева Ж.А., Карпухина А.А. Костанайская область: страницы истории. – Қостанай: «Костанайполиграфия», 2006. – 383 б.